

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

«Еуразия» гуманитарлық ғылыми зерттеулер орталығы

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТАРИХЫ: ТҮРІКТЕР МЕН МОҢҒОЛДАР

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
профессоры, «Еуразия» ғылыми зерттеу орталығының
бас ғылыми қызметкері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қоғам қайраткері,
түрколог-ғалым, жазушы Қойшығара Салғараұлының
75 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстелдің жинағы
4 сәуір, 2014 жылы

Астана 2014

САЛҒАРАҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ТАРИХИ ТАНЫМЫ

Биік рух пен тәуелсіздік арасында теңдік белгісі бар. Жан дүниесінде рухы бар жан немес ұлт азаттылыққа, тәуелсіздікке ұмтылатыны ақиқат. Олай болса, тәуелсіздік - биік рухтың жемісі. Ал рухтың бір қайнар бастауы – үміт. Тәуелсіздік арманын үміт еткен халқымыз қанша жыл отарлық бұғауда жүрсе де оның түбінде орындалатынына сенген болатын. Үміт отының сөнбеуіне қайраткер азаматтардың, мәдениет және әдебиет, ғылым саласының тарландарының ерен еңбектері әсер етті. Олардың шығармашылығы халық бойынан рухтың өшпеуіне септігін тигізді. Өз шығармашылығы арқылы кеңес дәуірі тұсында халықтың рухын сөндірмеуге, ал Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде оны жандандыруға қызмет етіп жүрген ғалымдарымыздың бірі – тарихшы, шежіреші Қойшығара Салғараұлы.

Жаңалығы жұртты бірден елең еткізбей, оның ойы мен сезіміне күмән қалдыра отырып енетін гуманитарлық ғылым салаларының бірі – тарих. Бірақ сол қалыптасқан көріністі бұзып, тарих ғылымына тың жаңалық жаңа леп, жаңа тыныс әкелетін тұлғалар да кездеседі. Кейде ондай тұлғалар бірыңғай кәсіби тарихшылардың арасынан ғана шықпайды, сонымен қатар өзге мамандық иелерінің арасынан да бой көрсетіп отырады. Кешегі кеңес үкіметі тұсында «АЗиЯ» кітабы арқылы одақ кеңістігіндегі түркі халықтарын дүр сілкіндірген, КСРО Ғылым Академиясын тітіреткен Олжас Сүлейменовтің мамандығы тарихшы емес, геолог еді. Ежелгі түркі тарихын зерттеуге ерекше үлес қосқан, қоғамтану саласына пассионарлық танымды енгізген атақты тарихшы Лев Гумилев та кәсіби тарихшы емес, география саласының маманы болатын. Бірақ олардың тарихқа қосқан үлесін жаңалық емес деп кім айта алады?

XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы тұсында қазақ арасынан мамандығы кәсіби тарихшы бола қоймаса да, тарихи зерттеулерге ден қойып, сол салада елеулі қызмет атқарған ақын Ш. Құдайбердіұлы, экономист Ә.Бөкейхан, дәрігер С.Асфандияров, инженер М.Тынышпаев, журналист Қошқе Кеменгерұлы сынды тұлғалар өтті. Оларды қазақ тарихын зерттеушілер тарапынан кім ысырып тастай алады?

Кешегі кеңес үкіметі тұсында білім алған Қойшығара Салғараұлы, жоғарыда аталған кісілер секілді, жоғары мектептің тарихшы мамандығын, одан кейін тарихқа қатысты ғылым саласында арнайы тақырып алып, белгілі бір жетекшінің басшылығымен ізденген жан емес. Ол - кәсіби журналист, жазушы. Бітірген оқу орны – ҚазМУ-дың журналистика факультеті, мамандығы – журналист. Кәсіби шыңдалған мектебі – Қазақ радиосы мен «Егемен Қазақстан» газеті. Ғалым ретінде қалыптасқан саласы – филология, ол - филология ғылымдарының кандидаты. Ал ғалым ретінде атақ-даңқының кең жайылған ғылым саласы - тарих. Тарих саласындағы елеулі ғылыми зерттеулері үшін ол Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды.

Қ. Салғариннің тарих ғылымына кеңес оқу жүйесінің кәсіби мектебіне соқпай тосыннан келуі оның бағы деп санауға болады. Себебі ол тарих ғылымының саласында үстемдік ететін евроценристік көзқарастың, қазақтың тарихына аса саяси қырағылықпен қараған кеңестік тарих мектебінің шекпенін жас күнінен бастап киіп, қамытын арқалаған жоқ, қазақша айтсақ, «күшігінен таланған жоқ», сондықтан сол көзқарастың айтқанына айдай сеніп, айдағанына құлдай көніп жүрмеді. Ол тарих ғылымына өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасында санасы таза, ойы тұнық қалпында, оңын-солын таныған, азаматтық көқарасы қалыптасқан, толысқан тұста өз бетімен ізденіп қадам басты. «Азаматтық қалыптасу барысында, - деп жазады Қойшығара Салғараұлы - кім-кімнің де өзінің шыққан тегін танып, білуге ұмтылатыны белгілі. «Ес жиып, етек жауып» дегендей, оң-солымды айқын ажыратып, төңіректі түгендей бастаған кезден бастап, мен де өзімше осындай талпыныс жасап, «Біз кіміз?», «Шыққан тегіміз қайдан?» деген сауалдарға жауап іздеп, төл тарихымызға қатысты шығармаларды оқуға кіріскен едім. Әуелгіде ресми тарих оқулықтары мен академиялық еңбектерді жүйелеп оқып шықсам болды, іздегенімді табамын ғой деген сенімде болғанмын. Бірақ олай болмады. Оқығандарымның бір де бірінен «Біз кіміз?», «Шыққан тегіміз қайдан?»

деген сауалдарға нақты жауап табылмады. Таптым ба дегенімнің өзі дәлелдеуімді қажет ететін бірнеше жаңа сұрақтарды туғызады. Сол себепті ізденіс бағытын өзгертіп, түрк халықтарының тарихын түгендеуге септігі тиетін халықтың өзінің ауызша төл тарихына ден қойып, мифтік әңгімелердің, аңыз-ертегілердің, ататек тарататын шежірелердің, ежелгі өлең-жырлардың, мақал-мәтелдердің беретін деректерін саралауға; түпнұскалық құқы бар мұрағат құжаттарын ақтаруға; археологиялық қазба мұралардың айғақтарын екшеуге; сөйтіп, осылардың бәрінің беретін мәліметі арқылы жасалған өз пайымдауларымды бұрынғы-соңғы зерттеуші ғалымдардың қозғалып отырған осы мәселеге байланысты айтылған тұжырымдарымен салыстыра, сабақтастыра қарап, өзімдік нақты бір байлам жасауыма тура келді».

Қ. Салғараұлының тарихқа біржолата бет бұрып, партия бақылауында болған кеңестік кәсіби тарихшылардың қалың орманына «дипломсыз» кіріп, жапондардың самурайлары секілді жанкешті тірлігінің анықтамасы **«Тарих ғылымы өте жауапты мәселе, сондықтан оны зерттеуді бірыңғай тарихшылардың еншісіне байлап беруге болмайды»** деген қанатты сөзді еріксіз еске түсіреді. Себебі тарих адам бар жерде, сол адамның іс-әрекеті, түйсігі, сана-сезімі арқылы ғана түзіледі. Ал тарихты адамның іс-әрекеттері тұрғысынан бағалап, оны бірыңғай оқиғалардың шеңберінде қарастыру нәтижелі таным алып келмейді. Өйткені тарихи фактіге түспеген, бірақ халықтың дүниетанымында, ұстанған затында, қолданылған бұйымында, ғұрыптық рәсімдерінде, тіл қорында сақталған құнды танымдар да болады. Осы орайда Алаш қозғалысының саяси көсемі Ә.Бөкейханның Ш.Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда шыққан «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» деген кітабына жазған сыны еске түседі. «Тарихтың сарын жолы, - дейді Ә. Бөкейхан, - екіге бөлінеді: бір бөлек тарихтың пайдаланғаны соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы. Шәкәрім шежіресінің де малданғаны осы жол. Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны – жұрттың болмыс-салты, рухани мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екіншісі» [1, 174].

Қ. Салғараұлы Ә. Бөкейхан атап өткен «анық тарихтың жолын» дәл танып, оны бір елдің бір елмен жүргізген соғыс оқиғаларының себеп-салдарын талдау ғана емес, бірнеше ғылымдардың-филология, археология, этнография тоғысында қарастырып тануға ұмтылады.

Журналист, жазушы Қ. Салғараұлының сонау 70-80-жылдары тарих саласына бет бұруы кездейсоқ құбылыс па? Жоқ, кездейсоқ құбылыс емес. Сол бір тұста қазақ тарихын сөйлетуге, оған қалың жұртшылықтың назарын аудартуға партияның жіті назарында болған тарихшылардан бұрын қазақ қаламгерлері-жазушылар, әдебиетші ғалымдар алғаш батыл қадам жасап, мол үлес қосып жатқан кез болатын. Жазушы І. Есенберлиннің «Көшпенділер» триологиясы, ақын О. Сүлейменовтің «Азия»-сы, прозаик М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» монографиясы мен «Аласапыран» романы, жазушы Ә.Кекілбаевтің «Үркер», «Елең-алаң» романдары жарық көрген еді. Аталмыш шығармалар қазақ ұлтының тарихи санасына ерекше әсер етті. Ол шығармалардан нәр алған ұрпақ 1986 жылы Желтоқсан оқиғасында кеңестік империяның саясатына батыл қарсы шықты. Егер жоғарыда аталған еңбектер болмағанда қазақ жастары сол қаһарлы Желтоқсан оқиғасында өршіл рух, биік намыс, қыран қайрат көрсете алар ма еді?

І. Есенберлиннің «Көшпенділері», М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» және «Аласапыраны», Ә.Кекілбаевтің «Үркері» мен «Елең алаңы» романдарында қазақ ру-тайпаларының ХҮ ғасырда жеке хандық болып шыққаннан бастап, ХІХ ғасырдың орта шеніне дейінгі кезеңдігі тарихи оқиғалар мен тұлғалардың атқарған істері, тағылымдары қамтылған болатын. Журналист Қ. Салғарин ол кезеңнен әрі кетіп, қазақтың түркілік дәуірдегі тарихын зерттеуге бет бұрады. Ол өз бетімен түркі халықтарының тарихына қатысты зерттеу еңбектерді тынбай оқып, ой көңіліне езгеше зерде тоқиды. Түркілік тарихты зерделеу мен іздену жолына табаны күректей қырық жылды құрбан етті. **«Соның нәтижесінде, - деп жазады Қ.Салғарин - төл тарихымызға қатысты өзімдік жаңа көзқарас қалыптасты. Ортағасырлық текетірес кезінде көшкіншілердің бастау тарихына әдейі жасалынған қиянаттардың бүгінгінің ғылымы жетілген заманында да**

сол күйі, қаймағы бұзылмай әлі жалғасып келе жатқанына көз жетті. Тарих ғылымының негізі әу баста еуропалық таным-түсінік тұрғысынан қаланып, содан өріс тартқандықтан, адамзат өмірінің әр саласына қатысты жасалынған ғылыми тұжырымдамалардың бәрі бірдей әлемнің өзге халықтарының, яғни еуропалық еместердің, соның ішінде түрік халықтарының төл болмысының шындығын өз деңгейінде ашып бере алмайды екен».

Тағлымы терең түркі тарихының түп тамырын қазу 1984 жылы шыққан «Алтын тамыр» танымдық роман-эсседен басталды. Кітаптың атауына байлықтың символы болып саналатын «алтын» сөзінің қолдануының өзіндік сыры бар деп ойлаймыз. Автор тарихи тақырыптарды қозғаған тырнақалды туындысына қазақ ұлтының көне тарихы бай екенін паш ететіндей атау іздегені сөзсіз. Шығыс медицинасында дененің сырқатын нерв жүйелерін емдеу арқылы «алтын ине» қолданылады. Қазақ тарихының қолдан кесіп қысқартып, өңешін еріксіз тарылған тамырын зерттеу жолына «Алтын тамыр» жаңаша ем-дом үлгісін ұсынып, өзгеше екпін, тосын ой-толғаныс ала келді. «Алтын тамыр» Қ. Салғаринды елге танытты, оның өз сөзімен айтсақ, «қазақтың рухани қазынасын зерттеп жүрген замандастарының қатарына қосты».

«Алтын тамырдан» кейін көп ұзамай, 1989 жылы «Көмбе» романы жарық көрді. «Көмбе» «Алтын тамырдың» заңды жалғасы еді. Роман ежелгі қыпшақтардың көне тарихын жаңа таным талқысына салады. Қыпшақтар тарихына қатысты тың болжамдар ұсынады. Евразияның ұлан-байтақ даласының едүір бөлігін билеген, араб-парсы жазба деректеріне «Дешт-и Қыпшақ» деген анықтамамен енген көшпелі мемлекеттің атауына айналған «қыпшақ» этнониміне өзіне дейінге тарихшы, түрколог лингвист ғалымдарының пікірлерінен өзгеше пайым ұсынады. Ол, біріншіден, Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білігінде» бірнеше рет кездесетін «ер қыпшақ» деген тіркесті орыс тіліне «жолы болмаған», «сорлы, бейшара» деп аударылған қателікті жөндеп, сол аудармаға сүйенген атақты тарихшы Кляшторныйдың қыпшақ тайпасы туралы жаңылыс айтқан пікірін жоққа шығарды. Сөйтіп, айбарыннан бүкіл әлем болмаса да аймағы сескенген, қаһарынан көршісі ығысқан жауынгер қыпшақты шын мәнінде арашалап алады.

Екіншіден, кезінде О.Сүлейменов қыпшақ этнонимін оның қос әліптік таңбасынан шығарып, қос сызықты «екі пышақтың» сызығы деп танып, сөйтіп ол атауды «ики+пчак» сөзінің «қыпшақ» болып өзгеруі деп таныған пікіріне қосылмай, XIX ғасырдағы белгілі орыс зерттеушісі Аристовтің пікіріне сүйене отырып, «әліп таңбалы қыпшақ» деген ұғым түркі жұртына ислам дінін қабылдағаннан кейін орныққанын, бір сызық таңбаны қазақтардың «көсеу» деп атайтынын, ал ол таңба біздің жыл санауымызға дейінгі ежелгі қытай жазба деректерінде «канжүй», «кангюй» деп аталатын қаңлы руының таңбасы болғандығын, қаңлы жұрты ыдырап, оның құрамынан шыққан жаңа қыпшақ тайпасы өзінің еншілік таңбасына сол бұрынғы көне тайпаның көсеу таңбасына екінші көсеу сызықты қосу арқылы жаңа таңба жасаған деп пікірді нақтылайды.

Үшіншіден, қыпшақтарды YII ғасырда тарих сахнасына «Көк түріктер» деген атаумен көтерілген қағанаттың негізін салушы тайпа екенін дәлелдейді. Түркі қағанатының алғашқы ханы Бумын қаған, Құтылық төре, Тонькөк, Білге қаған, Күлтегін туралы парасатты пайымдар береді. Хандардың ақылшысы атақты Тонькөкті оғыз жырауы Қорқыттың бейнесімен шендестіреді.

Тарихи тақырыпты қозғаған екі романның бір-бірімен жалғасын табатындай шымшытырық сюжетке құрылған оқиғасы жоқ. Роман ежелгі Шығыс халықтарының шығармаларында жиі кездесетін екі кісінің сұхбаттаса отырып әңгіме дүкен құрып, қызықты хикаяның қым-қуыт оқиғасын кезетіні секілді көрініске құрылған. Көне қытай, европа, орыс жазба деректеріне құрылған қызықты хикаядан түйіндейтін басты таным ретінде бүгінгі ұрпаққа тарихтың ұлы ұстаз екенін, сол тәлімгер ұстаздан бойға сіңіретін, ойға түйіндейтін тағылым алу қажеттігін алға тартады.

Түркі халықтарының көне тарихының тамырын басқан «Алтын тамырдан», сол тамырды баса отырып тұнған байлыққа кезіккен «Көмбеден» кейін, 1992 жылы Қ. Салғараұлының «Қазақтың қилы-қилы тарихы» атты үшінші роман-эссесін жарыққа шығады. Роман қазақ халқының этногенезіне қатысы бар көне тайпалардың басын біріктірген Түргеш, Қарлық қағанаттарының тарихына ой көзін салып, өзбек, ноғай этнонимдерінің шығу тегін, олардың қазақ тарихына қатыстылығын, Қазақ хандығының үш жүздік құрылымын жаңаша пайымдай-

ды. Қазақ шежірелік аңыздарының тарихи деректілік сыр-сипатына мән береді. Атақты аңыз кейіпкері Алаша ханның ХҮІ ғасырда билік құрған Хақназар ханның ел алдында атқарған қызметі негізінде қайта жаңғырғанын, атақты Алаша хан мазары сол Хақназардың бейігі болуы мүмкін деген болжамдарды дәйекті деректер арқылы тұжырымдайды [2, 130-131]. Автордың роман-эссе жанрындағы шығармалары, түптеп келгенде, хакім Абайдың «Біріңді – қазақ, бірің – дос// Көрмесен істің бәрі - бос» деп келетін тағылымын насихаттайды.

Көне түркілерге қатысты тарихи деректердің басым көпшілігі Қытай жазбаларында сақтаулы. Қытай жазбаларын толық сүзбей түріктің көне тарихын ой елегіне салу мүмкін емес. Еліміздің тәуелсіздік алуы көне тарихымызды тереңдетіп қарауға, кең тануға жол ашты. Сол кезде Президенттің тікелей бастамасымен Қытай жазбаларындағы Қазақстан тарихы туралы деректерді жинау мәселесі қолға алынды. Ол іске ыңғайлы адамды іздеуде таңдау Қ.Салғараұлына тірелді. Сөйтіп ол Қытай Халық Республикасындағы Қазақстан елшілігінің мәдениет жөніндегі кеңесшісі қызметіне тағайындалып, көне түріктерге және қазақтарға қатысты жазба деректермен бетпе-бет тікелей жұмыс істейді. Сол тірліктің нәтижесінде Қытай империясы мен Қазақ хандығы арасындағы қарым-қатынасқа қатысты құжаттар жинағы «100 құжат» деген атпен жарық көреді. Сонымен қатар автордың ғұндар, көк түріктер жайындағы роман-эссе жанрында жазылған кітаптары жаңа ғылыми сипатқа көшіп, тың деректермен толығып, баспа бетінен жарияланады.

2008 жылы Қ. Салғараұлының көне түркілер туралы 40 жыл ізденіп жазған зерттеулерінің жинағы, қорытындысы ретінде «Ұлы қағанат» атты жаңа кітабы шығады. Мұнда автор көне заманнан жеткен жазба дерек көздері мәліметтерін жан-жақты, байыпты талдау арқылы түркі халықтары туралы қалыптасқан европалық сыңаржақты таным-түсініктер қағидасы шеңберінен шығып, жаңа пайымдаулар шоғырын ашады. Ол пайым шоғырдың бірсыпырасы мынадай болып түзілген:

1. Ұлы Далада көшпелі мемлекет құрған халықтардың қоныс аударулары ғылымда қалыптасқандай шығыстан батысқа қарай емес, батыстан шығысқа қарай да бірнеше дүркін қоныс аударулар болған. Сол қоныс аударуларда халықтар бұрынғы жайлаған жерінен түгел қотарылып көшіп кетпеген, қоныс аударулармен ілесіп халықтық этнонимдер ауысып отырған.

2. Алтайдан шықты делінетін ортағасырлық түріктер ұлыдалалық барша түріктердің ататегі (прототүріктер) емес, ежелгі түрк халқының тарихқа танылған шығыстағы үлкен дарағының бір бұтағы. Түркілер мен сан ғасыр қатар өмір сүрген моңғол тайпалары да сол дарактың бір бұтағы. Моңғолдардың Шыңғыс хан құрған империясының тарих сахнасына көтерілген өлкесі ҮІІ ғасырдағы Көк түркілердің Ұлы қағанаты шаңырақ көтерілген өлкеде орын алғаны тегінен-тегі емес.

3. Қыпшақ – Ұлы Далада ендік бойынша географиялық-аумақтық, яғни территориялық орналасуына орай біріккен далалықтардың ортақ атауы. Ол көне түріктің «қыбышы» және «ақ» деген екі сөзінен құралып, «сүт өнімін пайдаланушылар», «сүт өнімін қоректенушілер» деген мағынаны білдіреді. «Тарих атасы» Геродот, Страбон еңбектерінде далалық өлкені мекендеп, мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі жұртты «сүтпен қоректенушілер» деп атайтынын тілге тиек ете отырып, автор сол жұртты қыпшақтардың ата-тегіне қатысы бар деп санайды. Қыпшақтарда, кең мағынада, далалықтарда, сүт өнімдерінің көптігі халықтың бейнелі ой-тұспалдарына да түскендігін, соның нәтижесінде ХІҮ ғасырда жазылған латын-түркі сөздігі «Кодекс куманикусте» табиғатта жоқ құс сүтін жасырған «Сенде жоқ, менде жоқ// Сенгір тауда жоқ// Өте берік таста жоқ// Қыпшақта да жоқ» деп келетін жұмбақтың бекерден-бекер шықпағандығын да орынды мысал етіп жазады.

4. Қ. Салғараұлы батыс Европа ілімінде қалыптасқан адамзат нәсілін жер бетінің әр тұсында өз алдына дербес пайда болған тектен таратып, әлем халықтарын «тарихи халық», «тарихи емес» деп жіктеуіне өзінің түркі халықтарының көне тарихын зерттей отырып қарсы шығады. Ол адамзаттың шығу тегінің бірлігі мен өзара қандас туыстығы жөніндегі ілімнің қостаушысы. Бұл ілімді ғылымда «моногонизм» деп атайды. Тарихшы осы ілімді бүгінгі генетика ғылымының жетістіктерімен сабақтастырып, өз тұжырымын шегелей түседі. Қазіргі генетика ғылымының

соңғы жетістігі ДНК тәсілі әлемнің әр түпкіріндегі халықтарды зерттей келе олардың түп тегі бір Ата мен Анадан тарағанын дәлелдеп отыр. Бір Ата мен Анадан, яғни Адам ата мен Хауа Анадан тараған бүгінгі әлем халықтарын бірінен-бірін кемсітпей, алалаламай, достық пен татулыққа үндеу – ХХІ ғасырдың басты құндылығына айналып отырғаны бәрімізге аян. Тарихшы, қазақтың көне тарихының шежірешісі Қойшығара Салғараұлы да түркі халықтарының көне тарихын зерттеген еңбектері арқылы сол құндылықтарға үн қосады. Туған халқының тарихының мәртебесі әлем халықтары арасында да өзіндік орынға ие екенін дәріптейді. Халқының мәртебесін көтерген айтулы тұлғалардың абыройы туған елінің арасында асқақтай түсетіні сөзсіз.

Қазақ тарихының шежірешісі Қойшығара Салғараұлы да түркі халықтарының көне тарихын зерттеген еңбектері арқылы сол құндылықтарға үн қосады. Туған халқының тарихының мәртебесі әлем халықтары арасында да өзіндік орынға ие екенін дәріптейді. Халқының мәртебесін көтерген айтулы тұлғалардың абыройы туған елінің арасында асқақтай түсетіні сөзсіз.

Қазақ тарихының шежірешісі Қойшығара Салғараұлы да түркі халықтарының көне тарихын зерттеген еңбектері арқылы сол құндылықтарға үн қосады. Туған халқының тарихының мәртебесі әлем халықтары арасында да өзіндік орынға ие екенін дәріптейді. Халқының мәртебесін көтерген айтулы тұлғалардың абыройы туған елінің арасында асқақтай түсетіні сөзсіз.

Қазақ тарихының шежірешісі Қойшығара Салғараұлы да түркі халықтарының көне тарихын зерттеген еңбектері арқылы сол құндылықтарға үн қосады. Туған халқының тарихының мәртебесі әлем халықтары арасында да өзіндік орынға ие екенін дәріптейді. Халқының мәртебесін көтерген айтулы тұлғалардың абыройы туған елінің арасында асқақтай түсетіні сөзсіз.

Қазақ тарихының шежірешісі Қойшығара Салғараұлы да түркі халықтарының көне тарихын зерттеген еңбектері арқылы сол құндылықтарға үн қосады. Туған халқының тарихының мәртебесі әлем халықтары арасында да өзіндік орынға ие екенін дәріптейді. Халқының мәртебесін көтерген айтулы тұлғалардың абыройы туған елінің арасында асқақтай түсетіні сөзсіз.

АЛҒЫ СӨЗ.....	4
I БӨЛІМ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТАРИХЫ	
АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК. «ҰЛЫ ҚАҒАНАТ» ТУРАЛЫ.....	6
Н. ОМАШҰЛЫ. ТАРИХЫМЫЗДЫҢ ТАМЫРШЫСЫ.....	11
Х. ӘБЖАНОВ. ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТҮЛҒА.....	15
Ж. АРТЫҚБАЕВ. ҚОЙШЫҒАРА САЛҒАРА ҰЛЫНЫҢ «ҰЛЫ ҚАҒАНАТ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ОҒЫЗ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	17
А. ӘБСАДЫҚОВ. САЛҒАРА ҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ТАРИХИ ТАНЫМЫ.....	21
А. ЫСЫМҰЛЫ. ТҮРІКТЕР ТАРИХЫН ЖАҢАША ПАЙЫМДА.....	26
И. ЖУМАТОВА. ТҮРІК КӨШТЕРІНІҢ ТАРИХИ СЕБЕПТЕРІ.....	40
С. ДҮЙСЕН. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАС МҮСІНДЕР.....	44
Г.Т. МҮСАБАЛИНА. ТҮРКІ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ.....	49
Қ.С. АНАРБАЕВ. ҚОЙШЫҒАРА САЛҒАРА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ОТАН ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	52
А.К. КУШКУМБАЕВ. О ВООРУЖЕНИИ И ОБЛАВНЫХ ПРИЕМАХ В БОЕВОЙ ТАКТИКЕ МОНГОЛЬСКОЙ АРМИИ XIII ВЕКА.....	55
Я.В. ПИЛИПЧУК. ХАН КОТЯН И ЕГО РОД.....	62
Ж.М. САБИТОВ. К ВОПРОСУ О ДОБРОВОЛЬНОМ ПОДЧИНЕНИИ НЕКОТОРЫХ КИПЧАКСКИХ ПЛЕМЕН МОНГОЛАМИ В 1220-1230 гг.....	67
А.К. КУШКУМБАЕВ, Д.К. МАЙХИЕВ. ОСНОВОПОЛАГАЮЩИЕ ФАКТОРЫ, ПРЕДОПРЕДЕЛИВШИЕ РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ИСКУССТВА В ЭПОХУ ЧИНГИС ХАНА.....	72
В.Г. ВОЛКОВ. КЫПЧАКСКИЙ ГЕНЕТИЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ В СОСТАВЕ СРЕДНЕ ВЕКОВОГО НАСЕЛЕНИЯ ЮГА ЗАПАДНОЙ СИБИРИ.....	81
Ж. АЛМАНҚҰЛОВА. «МОҢҒОЛ» ЭТНОНИМИНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ.....	87
А.В. ПАРУНИН. ПОЛИТИЧЕСКАЯ БИОГРАФИЯ БАРАК-ХАНА.....	93
Ж.М. САБИТОВ. К ВОПРОСУ О ГАПЛОГРУППАХ КИПЧАКОВ.....	102

4	Ғ.М. ҚАРАСАЕВ, Н.М. ЯДРИНЦЕВ ЖӘНЕ АЛТАЙ АЙМАҒЫ . ТҮРКІЛЕРІНІҢ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАРИХЫ КӨНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕ.....	108
6	ИМРЕ ПАЧАИ. ОБЩИЕ ЭЛЕМЕНТЫ В КАЗАХСКИХ И ВЕНГЕРСКИХ НАРОДНЫХ СКАЗКАХ.....	111
11	Ү.Ә. МҰСАБЕКОВА. ЕСКЕРТКІШТЕР МӘТІНІНДЕГІ ТІЛДІК ЛОГИҚАЛЫҚ САРАП- ТАМА.....	126
15	Э. ГЮНЕЙЛИГИЛЬ. ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЕЛТАҢБАСЫ.....	129
17	II БӨЛІМ ШКІРЛЕР, СЫН, ҚҰТТЫҚТАУ	
21	С. НАЗАРБЕКҰЛЫ. ҚОЙШЫҒАРА 75-НЕ.....	133
26	Б. ТОБАЯҚОВ. ҚОЙШЕКЕ-ҚОЙШЫҒАРА.....	136
40	А. ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ. ТЕРЕНДЕГІ ТЕКТІЛІК.....	137
44	Р. БЕЙСЕТАЕВ. Қ. САЛҒАРА. ҰЛЫ: ДӘСТҮРІ САҚТАЛҒАН ЕЛДЕ ТІЛ ПРОБЛЕМАСЫ БОЛМАЙДЫ.....	139
49	Б. БАҚРИДЕНҚЫЗЫ. ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ӨМІР МЕКТЕБІ.....	144
52	У.А. ӘЛМЕНБЕТОВА. ДОСТЫҚТАРЫ ТАМЫРҒА АЙНАЛҒАН ЖАНДАР.....	154
55	М.Б. ШЫНДАЛИЕВА. Қ. САЛҒАРАҰЛЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ.....	160
62	С.У. ШАЛАБАЕВА. АУЫЗША ДӘСТҮРДІ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	164
67	Г.С. АЛҒАЛИЕВА. ҚОЙШЫҒАРА САЛҒАРАҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖАНРЫ.....	170
72	Д. ОРЫНБАСАР. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ МЕН ҚОЙШЫҒАРА САЛҒАРАҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАЗМҰНДАСТЫҒЫ.....	173
81	Н. ӘДІЛБЕКОВ. Қ. САЛҒАРАҰЛЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗ ҚАРАСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	177
87	И.У. НҰРҒАЛИЕВА . Қ. САЛҒАРАҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОТАН СҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	180
93	С. СҮГІР МҮДЕ ХАН.....	183